

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті**



БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ЖОЛ СІЛТЕУІШ



Шымкент, 2026

Университет ректорының құттықтауы	2
Шежірелі шаңырақ.....	4
Оқу ғимараттары және студенттер үйі.....	5
Студенттердің құқықтары мен міндеттері.....	7
ID карта алу. Коорпоративтік пошта.....	8
Жатақханаға орналасу тәртібі.....	8
Академиялық адалдық қағидаттары.....	9
2026-2027 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе.....	9
Оқытудың кредиттік технологиясы.....	10
Оқу пәндеріне тіркелу және жеке оқу жоспарларын құру.....	10
Білім алушылардың оқу сабақтарына қатысуы.....	11
Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.....	11
Білім алушыларды оқудан шығару.....	13
Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқыту.....	13
GPA және оны есептеу әдісі.....	14
Оқу порталы.....	15
Тіркеу офісі.....	15
«Үміт» білім алушыларға қызмет көрсету орталығы.....	15
Физика-математика факультеті.....	16
Жаратылыстану факультеті.....	16
Тарих және педагогика факультеті.....	17
Филология факультеті.....	17
Дене шынықтыру және спорт факультеті.....	18
Өнер және білім факультеті.....	18
Кітапхана және электрондық каталогтар.....	19
IT департаменті.....	20
«Мұра» ұлттық шығармашылық орталығы. Үйірмелер.....	20
Медиаорталық.....	21
Әскери дайындық және патриоттық тәрбие орталығы (әскери кафедра)...	21
Студенттік өмір.....	23
Денсаулық – терең байлық	25
Маңызды байланыс желілері.....	25



Жас дос!

Еліміздегі педагогикалық оқу орындары арасында үздік бестікке кіретін білім, ғылым мен тәрбиенің киелі ордасы, талай таутұлғаның кәсіби жолына бастау болған 90 жылдық терең тарихы бар шежірелі шаңыраққа қош келдің!

Студенттік шақ – адамның өз болашағын қалыптастыратын ең маңызды әрі ең әдемі кезеңдерінің бірі. Ал университет – сол болашаққа бастайтын үлкен жолдың алғашқы баспалдағы. Сенің осы жолда біздің университетті таңдауыңды үлкен қуаныш әрі жоғары жауапкершілік деп білемін.

Бүгінде оқу ордамыз – дәстүрі мен жаңашылдығын тоғыстырған, білім мен ғылымды, тәрбие мен ізгілікті қатар ұстанған заманауи оқу орны. Біз бабалардан қалған білім мен тәрбие тағылымын сақтай отырып, жастарға әлемдік білім кеңістігіне шығуға мүмкіндік беретін жаңа бағыттарды батыл қолға алып келеміз. Бұған жаңа оқу жылында Түркияның Гази университеті филиалы мен Қытайдағы Сиань университетімен бірлесіп жаңа филология (ағылшын, қытай тілдері) қосдипломды білім беру бағдарламасының ашылуы дәлел.

Алайда университет – гимараттар мен аудиториялар ғана емес. Университет – ең алдымен, адам, тұлға. Мұнда сенің ұстаздарың, достарың, пікірлестерің, армандастарың бар. Мұнда өзіңді сынайсың, қателесесің, қайта тұрасың, ізденесің, жаңа қырларыңды ашасың.

Сондықтан студенттік жылдарыңды тек дәріс пен емтиханға арнап қойма. Ғылымға ұмтыл, шығармашылықпен айналыс, спортпен шұғылдан, қоғамдық жұмыстарға аралас, жаңа тіл үйрен, жаңа достар тап, өзіңді жан-жақты дамыт.

«Жас ұрпақ әділ, адал, үнеміл, еңбекқор, білімпаз, отаншыл әрі жанашыр болуға ұмтылуы керек. Ұлттың жаңа сапасы дегеніміз – осы», – деп ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев атап көрсеткен межеден көрінуге күш-қабілетіңді жұмса.

Осыған орай біздің басты мақсатымыз – сендерге жай ғана диплом беріп шығару емес, елге керек, қоғамға пайдалы, кәсібін жақсы білетін, ойы еркін, сөзіне берік, жүрегі мейірімді, адал азамат қалыптастыру.

Қымбатты жас дос!

Сен енді осы университет тарихының бір бөлігісің. Бұл шаңырақтың жетістігіне сенің де үлесің қосылады. Ал біз сенің әрбір ізгі бастамаңа қолдау көрсетуге, ізденісіңе жол ашуға, талпынысыңа мүмкіндік беруге дайынбыз.

Алдыңда ұзақ жол жатыр. Сол жолда өзіңе сен, еңбектен, ізден және ешқашан адамдық, адалдық қасиетіңнен айырма.

Білімді бол. Білікті бол. Елге пайдалы бол.

Саған сәттілік, биік мақсат, жарқын болашақ тілеймін.

Өз университетіңді мақтан тұт және оның абыройын бірге асқақтат!

Ізгі ниетпен, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің

Басқарма төрағасы-Ректоры Қайрат Рақымұлы Балабиев.

Сізді Қазақстанның ең байырғы оқу ордасы негізінде құрылған еңселі білім шаңырағында көргенімізге қуаныштымыз!

1937 жылы оңтүстікте бірінші ашылған екі жылдық мұғалімдер институты 1954 жылы Шымкент педагогикалық институты болып қайта құрылды. Педагогикалық институт оңтүстік өңіріндегі ең алғашқы жоғары оқу орны болды. Осы уақыт аралығында еліміздің сол кезеңдегі маңдайалды алғашқы зиялылары, ғалым ұстаздары еңбек еткен қасиетті де киелі қара шаңырақ тек облыс көлемінде ғана емес, республикамыздың басқа да аймақтары үшін мыңдаған білікті маман педагогтарды даярлап шығарды. Біз белгілі ақын-жазушылар, қоғам және мемлекет қайраткерлері М.Шаханов, Ә.Дербісәлі, Х.Есенқарақызы, Н.Бегалыұлы, И.Сапарбай, Е.Бопова, К.Алипова, С.Барақова сияқты түлектерімізбен мақтанамыз.

1993 жылы Шымкент педагогикалық институты ҚР Үкіметінің қаулысымен Түркістан қаласында жаңадан ашылған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрамына кірді.

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 28 маусымдағы №722 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты болып қайта ашылды. 2017 жылдың 17 қарашасында ҚР Үкіметінің №753 Қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтына университет мәртебесі берілді.

2018 жылдың 16 қазанында Үкіметтің №649 Қаулысымен «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болды. 2019 жылдың 12 сәуірінде Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының Әділет басқармасында заңды түрде мемлекеттік тіркеуден өтті.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылдың 3 қазанындағы №512 бұйрығымен мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің есімі беріліп, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып өзгерді.

Жаңадан қайта түлеп, жаңашылдық пен рухани жанашырлықтың жаршысына айналған Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті аймақтағы алдыңғы қатарлы ғылым мен білім, тәрбие ордасы саналады. Қазіргі таңда университетте бакалаврдың – 32, магистратураның – 22 және докторантураның 14 білім беру бағдарламасы бойынша сапалы білім беріліп, бәсекеге қабілетті болашақ мамандар даярлануда.

Университеттің миссиясы –білім саласындағы озық тәжірибелер негізінде адами капитал сапасын арттыру.

Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті стратегиялық жоспарлау міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамытудың әдістемелік орталығы мен көшбасшысының бірі ретінде әлемдік деңгей талаптарына сай заманауи ЖОО-ға, жаңа форматтағы білім беру және ғылым хабына айналуы көздейді.

Қазіргі таңда университет беделін көтеру, үш тілді білім беруді жетілдіру, мамандар сапасын жоғары деңгейге жеткізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін, ең алдымен, студенттердің жан-жақты, шығармашылықпен білім алуына бар жағдайды жасаймыз. Білім, ғылым салаларына және білікті,

бәсекеге қабілетті маман даярлау ісіне ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев тарапынан ерекше көңіл бөлініп, үздіксіз қолдау көрсетілуде.


ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия Республикасына ресми сапары барысында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде Түркияның беделді жоғары оқу орындарының бірі – Гази университетінің филиалы ресми түрде ашылды.

Біздің оқу орнымыз өзіне үлкен жауапкершілік жүктелгенін сезініп, биік белестерден көрінуді мақсат етеді.

МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ – ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР ҮЙІ





СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Құқықтары
➤ Жалпыға міндетті стандартты мамандықтың аясында білім алу;
➤ академиялық және академиялық емес қызметтің кез келген оқу және оқудан тыс бөлімдерінен, университет әкімшілігі тұлғаларынан ақпарат сұрату және алу;
➤ оқу жоспарына сәйкес, қосымша білім беру қызметтерін өзінің қабілеті мен қажетіне сай балама курстарды таңдау;
➤ барлық оқылатын пәндер бойынша силлабустар және пәндердің белсенді үлестірмелі материалдарын, ақпараттық ресурстарды, кітапхана мен техникалық орталықтардың қызметін тегін пайдалану;
➤ оқылатын пәннің сапасы мен деңгейін бағалай отырып, профессор-оқытушылар құрамының сауалнамасына қатысу;
➤ бір оқу орнынан басқа оқу орнына, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысу;
➤ университеттің спорттық және мәдени өміріне жоспардан тыс қатысу.
Міндеттері
➤ Оқу жоспарына сай тапсырмаларды мерзімінде орындау;
➤ күнделікті сабақтарға қатысу;
➤ сабақтан кешікпеу;
➤ мәдени және кәсіптік деңгейін жоғарылату;
➤ университет қызметкерлерінің, оқытушыларының адами қадір-қасиетін және білім алушылардың пікірін құрметтеу;
➤ университет мүлкін қорғауға, ішкі тәртіп пен студенттер үйі ережесін сақтау.

ID КАРТА АЛУ. КОРПОРАТИВТІК ПОШТА

Талапкер күндізгі оқу нысанының бірінші курсына қабылданғаннан кейін факультет деканаттарында студенттерге ID-карта беріледі. ID-карта студенттік билет, кітапханадан оқулық алу үшін оқырман билеті және университет аумағына кіруге рұқсат беретін бірден-бір құжат ретінде де қолданылады. ID-картаны басқа тұлғаға беруге немесе басқа біреудің ID-картасын қолдануға және оның балама түрін жасауға қатаң тыйым салынады.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті барлық студенттеріне корпоративті электронды пошта ашылған және оны студенттер өз деканаттарынан ала алады.

Корпоративті электронды пошта университеттің доменінде құрылған және бұл поштаны қолдану арқылы университеттің жұмысын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл поштаға деген сенім артады және пошта қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік жасалады. Университет осы пошта қолданушыларының іс-әрекеттерін бақылау мақсатында көре алады және қолданушыларға көмек (пароль ауыстыру) керек болса, дер кезінде көмек көрсете алады.

Корпоративті электронды пошта форматы:

familiyanyz.atynyz@okmpu.kz

ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ

Жатақханаға орналасу үшін білім алушы *Платонус* жүйесі арқылы онлайн түрдегі өтінім беруі тиіс.

Сонымен қатар арнайы комиссия ұсынылатын төмендегі құжаттарды сканерлеп, тіркеуі керек:

- 1) университет ректорының атына өтініш;
- 2) мүгедектігі туралы анықтама (бар болған жағдайда);
- 3) жетім/жартылай жетім екендігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) көп балалы отбасынан шыққандығын растайтын құжат;
- 5) халыққа қызмет көрсету орталығынан алынған тұрғылықты мекенжайы туралы анықтама;
- 6) университеттің медициналық қызметінің медициналық тексеру өткізгендігі туралы анықтама;
- 7) GPA балы 3,0-ден кем емес студенттер үшін Тіркеу офисі берген транскрипт, факультет деканы бекіткен мінездеме (№1 Студенттер үйіне орналасу үшін);
- 8) жеке куәлік көшірмесі – 2 дана;
- 9) 3*4 фотосурет – 2 дана;
- 10) жатақханада тұру үшін төленген төлемақы түбіртегі.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Білім беру процесінде өзінің оқуына жауапкершілігін және жеке адалдығын дамыту білім алушылардың академиялық адалдығының негізгі қағидаттары болып табылады:

- адал ниеттілік – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды әділ, тыңғылықты орындауы;
- авторлық құқықты қорғауды іске асыру – бағаланатын жұмыстарда дерек көздерін көрсетуі, басқаның ойын, сөзін бұрмаламай беруі, авторлық құқықтың нысаны болып табылады.
- ашықтық – өзара сенімділік, білім алушылар мен педагогикалық қызметкерлер және олармен теңестірілген тұлғалардың арасындағы идеялар мен ақпарат алмасудың ашықтығы;
- білім алушылардың бостандығы мен құқықтарын құрметтеу – білім алушылардың пікірімен идеяларын еркін білдіру құқығы;
- академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етуші оқытушыға құрмет көрсету;
- академиялық адалдықты арттыру және қорғау үшін білім беру процесінің қатысушыларын көтермелеу және ынталандыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау.

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

2026-2027 оқу жылының күзгі семестрі	
Пәнге тіркелу	25.08.2026ж.-28.08.2026ж.
Күзгі семестрдің пәндері бойынша теориялық курсының басталуы	01.09.2026ж.
1-межелік бақылау	12.10.2026ж.-16.10.2026ж.
2- межелік бақылау	07.12.2026ж.-11.12.2026ж.
Күзгі семестрдегі теориялық курстың аяқталуы	11.12.2026ж.
Күзгі семестрдегі емтихан сессиясы (3 апта)	14.12.2026ж.-01.01.2027ж.
Қысқы демалыс (14 күн)	04.01.2027ж.-17.01.2027ж.
2026-2027 оқу жылының көктемгі семестрі	
Оқу практикасы	18.01.2027ж.-29.01.2027ж.
Көктемгі семестрдің пәндері бойынша теориялық курстың басталуы	01.02.2027ж.
1-межелік бақылау	15.03.2027ж.-19.03.2027ж.
2- межелік бақылау	10.05.2027ж.-14.05.2027ж.
Пәнге тіркелу	29.03.2027ж.-09.04.2027ж.
Көктемгі семестрдегі теориялық курстың аяқталуы	14.05.2027ж.
Көктемгі семестрдегі емтихан сессиясы	17.05.2027ж.-04.06.2027ж.
Жазғы семестрге тіркелу	01.06.2027ж.-04.06.2027ж.
Жазғы семестр	07.06.2027ж.-16.07.2027ж.

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Университетте оқу процесі оқытудың кредиттік технологиясы (ОКТ) бойынша жүзеге асырылады.

Оқыту пәндерді таңдау негізінде кредитті (пәндердің бірлік өлшемі) пайдаланумен орындалады. Әр пән 5, 4, 3 (кейде 6, 8 кредит) кредитпен өлшенеді және бір семестр барысында оқытылады.

Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Оның аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде 30%-ын құрайды. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

Білім алушылардың өзіндік жұмысына үлкен маңыз беріледі: БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы; БОӨЖ – білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы.

Әр білім алушыға семестрдің алғашқы аптасында сол семестрде оқылатын оқу жұмыс жоспарының әр пәні бойынша силлабус және пәндердің белсенді үлестірмелі материалдары («Платонус» жүйесінде электрондық нұсқада) ұсынылады. БӨЖ тапсырмалары және оны тапсыру мерзімі силлабуста көрсетіледі. Оқытушылар білім алушыдан тапсырмаларды оқып-игеруді және орындауды талап етеді.

Бір оқу жылы аясында оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауларды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізудің кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрсетіледі. Академиялық күнтізбе «Платонус» жүйесі мен Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ сайтына орналастырылады.

ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ҚҰРУ

Білім алушы академиялық тәлімгері – эдвайзердің көмегімен пәндерге тіркеліп, оқу жылына арналған оқытудың жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастырады. Тіркеуді жүргізу уақыты академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Пәнді оқуға білім алушыларды тіркеуді Тіркеу офисі ұйымдастырады. Сонымен қатар, әдістемелік-ұйымдастыру және консультациялық жұмыстарды өткізу үшін арнайы кесте бойынша эдвайзер-тәлімгерлер презентациялар өткізеді.

Білім алушы тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын меңгеру үшін әдетте оқу жылында белгіленген 60 кредиттен кем түспейтін санына жазылады. Бұл ретте, білім алушы бір семестр ішінде 30 академиялық кредитті меңгереді. Білім алушының бір семестр ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп мөлшерін меңгеруіне де рұқсат беріледі.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты студенттің барлық оқу кезеңінде, оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 кредитті меңгеруі болып табылады.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне жаңадан оқуға қабылданған білім алушылардың тіркелуі бірінші семестрдің басталуына дейін бағыт беру аптасының ішінде жүргізіледі.

Жеке оқу жоспарын 1 данада факультет деканы бекітеді және ол деканатта сақталады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің білім алушылары бекітілген кестеге сәйкес барлық оқу түрлерінің сабақтарына қатысуға міндетті. Сабақтан себепсіз қалуға болмайды.

Білім алушы сабақтан келесі дәлелді себептері болған кезде босатылады:

- 1) ауырып қалған жағдайда;
- 2) шетелдік іссапарға болған мерзімде, спорттық жарыстарға барғанда (дәлелді құжаттарды деканатқа өткізу қажет);
- 3) жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты (қайтыс болғандығы туралы анықтаманы деканатқа өткізу қажет);
- 4) университет басшылығының келісімімен республикалық, облыстық, университет деңгейдегі басқа іс-шаралар (өкім), сондай-ақ құжатталған форс-мажор жағдайларда.

Бір академиялық кезең (семестр) ішінде дәлелді себепсіз, үзіліссіз 72 және одан көп сағат сабақты жіберіп алған білім алушылар университеттің академиялық саясатын бұзғаны үшін оқудан шығарылады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін университетте олардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған:

- межелік бақылау;
- аралық бақылау (емтихан).

Межелік бақылау дегеніміз – академиялық кезең ішінде 7 және 15-апталарда оқытушының аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстарда жүргізген оқу жоспарына сәйкес білім алушының білімін жүйелі түрде тексеру.

Межелік бақылау тапсырмаларын орындауға арналған балл пәннің силлабусында апта сайын орындалған тапсырмалардың саны мен қиындық дәрежесіне сәйкес бөлінеді.

Межелік бақылаудың бағалары «Платонус» жүйесіндегі қатысу журналында пәннің силлабусына сәйкес тиісті оқу аптасында қойылады.

Әрбір межелік бақылау апталығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ және т.б. сабақтарында ағымдық бағалайды, жиынтық балл «Платонус» жүйесінде автоматты түрде шығады.

Білім алушы белгілі бір себептермен (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты дәлелді құжаттары болған кезде) силлабуста көрсетілген бағалау аптасында болмағандығына байланысты межелік бақылау тапсырмаған жағдайда факультет деканы өкімімен жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады.

Аралық бақылау (емтихан) – пәнді оқыту мерзімі аяқталғаннан кейін академиялық күнтізбеге сәйкес **емтихан сессиясы** кезінде жүзеге асырылады.

Емтихан кестесі емтихан сессиясы басталмай тұрып Тіркеу офісінде дайындалып, «Платонус» жүйесінің «Хабарландыру» бөліміне енгізіледі.

Сессияға оқу ақысын толық төлеген (ақылы негізде оқитындар үшін), сабаққа 70%-дан жоғары қатысқан, емтиханға жіберу рейтингісі балын (**РЖ ≥ 50 балл**)

жинаған, академиялық демалыста немесе ұзақ мерзімді емделуде болмаған студенттер жіберіледі.

Емтихандар ауызша, жазбаша, тест, шығармашылық, жоба, аралас, кешенді және т.б. түрде ұйымдастырылады.

Емтихан басталғанға дейін білім алушы емтихан тәртібі ережелерімен танысуға және осы ережелерді сақтауға жеке жауапкершілікпен қарауға міндетті.

Емтиханға келмеген жағдайда білім алушы пән бойынша «F» (Fail) деген баға қойылады.

Емтиханға **себепті жағдайларда** (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты) **келмеген** білім алушыға растайтын құжаттары болған кезде факультет деканы өкіммен емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат береді.

Білім алушының қорытынды бағасының 60%-ы ағымдық бақылаулардан (практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ және т.б. сабақтарынан), қалған 40%-ы емтиханнан жинақталады.

Білім алушылардың үлгерімін бағалау ағымдық пен межелік бақылаулардың және аралық аттестаттаудың балдарынан тұрады. Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады.

Ағымдық бақылаудың қорытынды балы сабақтардың түрлері бойынша балдардың үлес салмағы ескеріліп есептеледі. Сабақтардың түрлері бойынша балдарының үлес салмағы келесі кестеге сәйкес болады:

Сабақтың түрлері	Үлес салмағы							
Лекция (L)	K ₁	0,2	0,2	0,2	0	0,7	0	0
Практикалық (Семинар) сабақ (P)	K ₂	0,5	0,2	0	0,7	0	0	0
Лабораториялық (Зертханалық) сабақ (Z)	K ₃	0	0,3	0,5	0	0	0	0,7
Студиялық сабақ (S)	K ₄	0	0	0	0	0	0,7	0
БӨЖ (B)	K ₅	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Жалпы	1	1	1	1	1	1	1	

Бағалауды компьютер төменде көрсетілген формулаларға сәйкес автоматты түрде жүргізеді:

$$AB1(AB2) = K_1 \cdot L_{op} + K_2 \cdot P_{op} + K_3 \cdot B_{op}$$

Мұндағы, L_{op} -лекция бойынша, P_{op} -практика бойынша, B_{op} - БӨЖ бойынша орташа балдар.

7 және 15-апталардағы қорытынды рейтинг балы келесі түрде есептеледі:

$$P1(P2) = 0,6 * AB1(AB2) + 0,4 * MB1(MB2)$$

Мұндағы P1 – бірінші рейтинг, P2 – екінші рейтинг.

Емтиханға жіберу рейтингісі

$$PЖ = \frac{P1 + P2}{2}$$

түрінде есептеледі.

Емтиханға жіберу рейтингісі **PЖ≥50** болу керек.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төмендегі формуламен есептелінеді:

$$Қорытынды бағалау (ҚБ) = 0,6*PЖ+0,4*E.$$

Назар аударыңыздар: Қорытынды бақылаудың оң бағасын емтихан сессиясының осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

«FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған білім алушыға оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей, университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды бір рет тапсыруға рұқсат беріледі.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, дәрістердің барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

Білім алушылар университеттен келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу төлемақысын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен;
- 6) курстан-курсқа қалдырылған білім алушылар қайта оқуға тіркелмеген жағдайда.

Университеттен оқудан шығарылған білім алушыға белгіленген үлгідегі академиялық анықтама (транскрипт) беріледі.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚИТУ

1. Оқу процесін жаппай қашықтықтан білім беру технологиясына (ҚБТ) оқытуға ауыстыру тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдайлар енгізілген жағдайларда білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша іске асырылады.

2. Университет ҚБТ бойынша оқу процесі «Платонус» автоматтандырылған-ақпараттық жүйесінде, ZOOM платформасында және оқытушылар таңдаған басқа да платформаларда «online», «offline» режимінде іске асырылады.

3. Барлық пәндер бойынша лекциялық, практикалық және зертханалық сабақтар сабақ кестесіне сай, ZOOM немесе оқытушылар таңдаған басқа да платформаларда түрлі формада (бейне-конференциялар, бейне-лекциялар, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар, чат-сабақтар, веб-сабақтар және т.б.) жүргізіледі. Бірақ тапсырмалар бойынша кері байланыс «Платонус» жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Пәндердің бейнесабақтарын университет сайтындағы сілтемелер арқылы кафедралардың Youtube каналдарынан көруге болады.

5. Білім алушылар сабақ кестесіне сәйкес жүргізілетін онлайн сабақтарға қатысуы міндетті. Сабақтан босату себепті жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

6. Пән оқытушысы білім алушылардың білімін ағымдық және межелік бақылауларды электронды ресурстар арқылы түрлі (тест, жазбаша, аралас, портфолио, эссе және т.б.) формада жүзеге асырады.

7. Білім алушылар онлайн сабақ барысында әдеп нормаларын сақтауға міндетті.

GPA деген не?

GPA (grade point average) – білім алушы үлгерімінің орташа балы, бір оқу жылындағы оқу жетістіктерінің бағалау деңгейі. GPA нәтижесі келесі курсқа ауысу және мемлекеттік білім грантын сақтауға негіз болып табылады.

Келесі оқу жылына көшуге, сонымен қатар мемлекеттік білім грантын сақтауға қажетті үлгерімнің төменгі орташа балы (GPA)

1) бакалавр бағытында:

- 1-курстан 2-курсқа – 1,8;
- 2-курстан 3-курсқа – 2,0;
- 3-курстан 4-курсқа – 2,0;
- 4-курстан 5-курсқа – 2,0

2) магистратура бағытында:

- 1-ші курстан 2-ші курсқа – 2,2.

3) докторантура бағытында:

- 1-ші курстан 2-ші курсқа – 2,2;
- 2-ші курстан 3-ші курсқа – 2,5.

GPA-ны қалай есептейді?

Курс бойынша емтихан сессияларының қорытындылары негізінде жазғы семестрдің нәтижелерін қоса есептегенде Тіркеу офисі білім алушының орта балын (GPA) анықтайды. Бұл балл барлық кредиттер сомасы мен пән бойынша қорытынды бағасын (сандық көрсеткішпен) ағымдағы академиялық кезеңдегі кредиттер сомасынан есептейді. GPA білім алушының транскрипінде тіркеледі. GPA төмендегідей формула бойынша есептеледі:

$$GPA = \frac{ҚБ_1 * K_1 + ҚБ_2 * K_2 + \dots + ҚБ_n * K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

Мұндағы:

$ҚБ_1, ҚБ_2, \dots$ – пәндер бойынша сандық көрсеткіштегі қорытынды бағалар;

$K_1, K_2, \dots$ – оқытылған пәндер көлемі (кредит бойынша);

n – бүкіл оқу мерзімінде оқытылған пәндердің саны.

GPA есептеу үлгісі:

Пән	Кредит	Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті
Қазақстан тарихы	5	A+	4,0
Философия	5	B	3,0
Математика	6	B	3,0

Қазақстан тарихы: $4,0 \times 5 = 20,0$;

Философия: $3,0 \times 5 = 15,0$;

Математика: $3,0 \times 6 = 18,0$;

Кредиттер сомасы: $20 + 15 + 18 = 53$;

Кредиттердің жалпы саны: $5 + 5 + 6 = 16$.

$GPA = \text{кредиттер сомасы} / \text{кредиттердің жалпы саны} = 53 / 16 = 3,31$.

ОҚУ ПОРТАЛЫ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіндегі оқу порталын «Платонус» автоматтандырылған-ақпараттық жүйесі құрайды.

«Платонус» жүйесінде әр білім алушының жеке парағы (жеке web-парақшасы) бар. Ол білім алушылардың қажетті ақпаратты табуына, оқытушылармен интернет желісі арқылы немесе жоғары оқу орнының ішкі желісі арқылы қатынас жасауына ықпал етеді.

Бұл жүйе – өте қызықты әрі қажетті, өйткені кез келген білім алушы өз парақшасына кіру арқылы өз бағаларын, ағымдық, межелік бақылаулар мен емтихан қорытындыларын, яғни пән бойынша қорытынды бағаларын, академиялық пән қарыздарын білуге мүмкіндік алады.

Білім алушылар «Платонус» ақпараттық жүйесін қолдану үшін білім беру бағдарламаларына жауапты эдвайзерлерден жеке логиндері мен парольдерін алулары тиіс.

«Платонус» жүйесіне кіру үшін интернет желісіне қосылған компьютерде кез келген браузерді (Google chrome, Mozilla Firefox, internet explorer және т.б.) қолдануға болады.

ТІРКЕУ ОФИСІ

Тіркеу офисі – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрін ұйымдастыру жұмысын қамтамасыз ететін, олардың транскриптерін, жеке істерін жүргізетін академиялық қызмет. Тіркеу офисі университеттің «Қазына» ғимаратының екінші қабатында орналасқан.

«ҮМІТ» БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

Білім алушылардың сұраныстары бойынша анықтамаларды беретін, білім алушылардың статистикасын жүргізетін, «бір терезе» ұстанымы бойынша жұмыс істейтін, білім алушылардың оқу орнын ауыстыруға / оқу орнына қайта қабылдануға, оқудан шығуға, академиялық демалыс алуға және тағы басқаға арналған өтініштерін қабылдайтын академиялық қызмет. «ҮМІТ» білім алушыларға қызмет көрсету орталығы университеттің «Д» ғимаратының тұсындағы орналасқан.

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТИ

Физика-математика факультеті университеттің ең ежелгі және үлкен факультеттерінің бірі. 1938 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізгі екі факультетінің бірі болып ашылған.

Физика-математика факультетінің деканы – PhD Уалиханова Б.С.

Факультет «Шаңырақ» оқу ғимаратының 3 қабатында орналасқан. Факультет 6 бакалавриат, 3 магистратура және 3 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы	Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы
1. 6B01513 Математика (IP) 2. 6B01514 Физика (IP) 3. 6B01515 Информатика (IP) 4. 6B01508 Математика-Физика мұғалімін даярлау 5. 6B01509 Математика-Информатика мұғалімін даярлау 6. 6B01510 Физика-Информатика мұғалімін даярлау	1.7M01501 Математика педагогін даярлау 2.7M01502 Физика педагогін даярлау 3.7M01503 Информатика педагогін даярлау 4.8D01501 Математика педагогін даярлау 5.8D01502 Физика педагогін даярлау 6.8D01503 Информатика педагогін даярлау

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ

Жаратылыстану факультеті «Шаңырақ» оқу ғимаратының 4 қабатында орналасқан. Жаратылыстану факультетінің деканы – химия ғылымдарының кандидаты, доцент Жылысбаева А.Н.

Жаратылыстану факультеті 7 бакалавриат, 5 магистратура және 4 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы	Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы
1. 6B01517 Химия (IP) 2. 6B01516 Биология (IP) 3. 6B01518 География (IP) 4. 6B01405 Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау 5. 6B01507 Химия-Биология мұғалімін даярлау 6. 6B01511 География-Тарих мұғалімін даярлау 7. 6B05101 Биология	1.7M01405 Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау 2.7M01504 Химия педагогін даярлау 3.7M01505 Биология педагогін даярлау 4.7M01506 География педагогін даярлау 5.7M05101 Биология 6.8D01405 Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау

	7.8D01504 Химия педагогін даярлау 8.8D01505 Биология педагогін даярлау 9.8D01506 География педагогін даярлау
--	--

ТАРИХ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Тарих және педагогика факультеті университеттегі үлкен факультеттердің бірі. Факультет тарихы 1937 жылы ашылған алғашқы екі факультеттің бірі ретінде университет тарихымен сабақтасып келеді.

Тарих және педагогика факультетінің деканы – педагогика ғылымдарының кандидаты Таутаева Г.Б.

Факультет университеттің «Қазына» ғимаратында орналасқан.

Факультетте 7 бакалавр, 4 магистратура және 2 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы	Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы
1. 6B01102 Психология (IP) 2. 6B01302 Бастауыш білім (IP) 3. 6B01603 Тарих және қоғамтану (IP) 4. 6B01802 Әлеуметтік педагогика (IP) 5. 6B01902 Арнайы педагогика (IP) 6. 6B01602 Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау	1. 7M01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау 2. 7M01509 Цифрлық педагогика (IP) 3. 7M01601 Тарих педагогін даярлау 4. 7M01901 Арнайы педагогика 5. 8D01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау 6. 8D01601 Тарих педагогін даярлау

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Филология факультеті – университеттің ең ежелгі және үлкен факультеті.

1937 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізін қалаған алғашқы факультетінің бірі болып ашылған.

Филология факультетінің деканы – филология ғылымдарының кандидаты Масалиева Ж.А.

Факультет университетіміздің «Тұмар» оқу ғимаратында орналасқан. Факультетте 7 бакалавриат, 4 магистратура және 3 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды.

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы	Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы
--	---

1. 6B01709 Қазақ тілі мен әдебиеті (IP) 2. 6B01708 Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP) 3. 6B01704 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті мұғалімін даярлау 4. 6B01706 Өзбек тілі және әдебиеті мұғалімін даярлау 5. 6B01703 Шет тілі: екі шет тілі мұғалімін даярлау 6. 6B02301 Аударма ісі 7. 6B02302 Филология	1. 7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау 2. 7M01702 Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау 3. 7M01705 Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау (қосдипломды) 4. 7M01703 Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау 5. 8D01701 Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау 6. 8D01702 Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау 7. 8D01703 Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау
---	---

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ФАКУЛЬТЕТІ

Шымкент педагогикалық институтында «Дене тәрбиесі» мамандығы 1966-1967 оқу жылында ашылды. Алғаш рет 25 студент қабылданды.

1970-1971 оқу жылында «Дене шынықтыру» мамандығы жеке Дене тәрбиесі факультеті болып құрылды.

Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканының уақытша міндетін атқарушы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Испандиярова А.М.

Факультет Спорт кешені ғимаратының 2 қабатында орналасқан. Факультет 2 бакалавр және 2 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавр бойынша білім беру бағдарламалары атауы	Магистратура бойынша білім беру бағдарламалары атауы
1. 6B01401 Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау 2. 6B01409 Денешынықтыру және спорт (IP)	1.7M01401 Бастапқы әскери дайындық педагогін даярлау 2.7M01402 Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау

ӨНЕР ЖӘНЕ БІЛІМ ФАКУЛЬТЕТІ

Өнер және білім факультеті – университеттің ертеден келе жатқан факультеттерінің бірі.

1954 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізгі екі факультетінің бірі болып ашылған.

Өнер және білім факультетінің деканы – педагогика ғылымдарының кандидаты Байбатшаева А.Е.

Факультет «Тұмар» оқу ғимаратында орналасқан. Факультетте 4 бакалавриат, 4 магистратура және 2 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярланады:

Бакалавр бойынша білім беру бағдарламалары атауы	Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы
1. 6B01202 Мектепке дейінгі білім (IP) 2. 6B01410 Музыкалық білім (IP) 3. 6B01404 Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау 4. 6B02101 Дизайн	1. 7M01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы 2. 7M01403 Музыкалық білім педагогін даярлау 3. 7M01404 Көркем еңбек және сызу педагогін даярлау 4. 7M02101 Дизайн 5. 8D01403 Музыкалық білім 6. 8D01404 Көркем еңбек, графика және жобалау педагогін даярлау

КІТАПХАНА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГТАР

Кітапхана құрылымы: алты оқу залы (бас оқу залы, ғылыми оқу залы, электронды оқу залы, «100 жаңа оқулық» оқу залы, студенттер үйіндегі оқу залы, салалық оқу залы) және бір абонемент.

Оқытушылар мен білім алушылар үшін «Web. Ирбис 64» электрондық каталогына, деректер қорына және Интернет/Интранет ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігі және WI-FI қызмет көрсету аймағы бар. Интернет ресурстарына тегін және шектеусіз қол жеткізу жүзеге асырылады.



Білім алушылар электрондық кітапхана мүмкіндіктерін оқу процесі мен ғылыми зерттеулер үшін қажетті ақпаратты іздеу және өз бетінше жұмыс істеу үшін пайдалануға болады.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Интернет желісінде «Web. Ирбис 64» электрондық каталогы жұмыс жасайды:
<http://irbis.okmpu.kz/>



«Aknurpress» цифрлық кітапханасы:
<http://aknurpress.kz> . Промокод: **asl-898**.

Мультимедиялық оқулықтарды SMART-KITAP эл. онлайн кітапхана. <https://web.smart-kitap.kz>. Промокод: **AWR-1234**

«Эпиграф» электронды кітапханасы:
<https://mbook.kz/ru/index/> Промокод **okmpu23**

«Alemlibrary» электронды-кітапханалық жүйесі: <http://new.alemlibrary.kz>

Логин: library2020@inbox.ru,
Пароль: **223344**.

ІТ ДЕПАРТАМЕНТІ

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, білім алушыларға, оқытушыларға, ата-аналарға жүктемені азайту, білім беру сапасын арттыру. Цифрландыру үрдісі университеттің мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді.

ІТ департаментінің негізгі міндеттері университеттің ІТ-инфрақұрылымын, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларына қол жеткізу, бағдарламалық және техникалық қызмет көрсету және ЖОО-да көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру.

ІТ департаментінің құрылымы және қызмет көрсету түрлері:

1. Техникалық және бағдарламалық қызмет көрсету орталығы:

- бағдарламалық қамтамасыз ету;
- оқу үдерісіне қызмет көрсету;
- техникалық қызмет көрсету ;
- байланыс бойынша қызмет көрсету.

2. Редакция және дизайн бөлімі:

- баспахана жұмыстары;
- дизайнерлік қызмет;
- фото, видеотүсірілім.

«МҰРА» ҰЛТТЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ. ҮЙІРМЕЛЕР

Орталықтың негізгі мақсаты – білім алушыларға эстетикалық тәрбие беру және бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру, талантты жастарды жарыққа шығаруға ықпал ету, түрлі ұжымдарда әлеуметтік-мәдени, тәрбие және сабақтан тыс жұмыс жүргізуге дайын жаңа буын ұстазын даярлау. Қосымша кәсіптік білім беру бағдарламасын іске асыру мақсатында құрылған орталық заманауи технологияларды пайдалану арқылы сабақтан тыс уақытта білім алушылардың шығармашылық қабілетін шыңдауды, олардың адамгершілік, азаматтық тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Үйірмеге тұрақты қатысып, белсенділік танытқан әр білім алушы жыл соңында арнайы сертификат алып, қосымша мамандық иесі атана алады.

Ұлттық шығармашылық орталықта эстрада, айтыс, дефиле, домбыра, бейнелеу өнері, қолөнер, аспаптар жасау, би, фотоөнер, вокал, мобилография, театр, тігін үйірмелері жұмыс жүргізеді.

Орталық университетішілік іс-шаралардан басқа қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып, өнерпаз студенттердің шығармашылығын шыңдауда елеулі істер атқарылуда.

МЕДИАОРТАЛЫҚ

Медиаорталық – Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің биік имиджін қалыптастыру және насихаттау жұмыстарын жүйелі жүргізеді. Республикалық, облыстық және қалалық деңгейдегі телеарна, радио және мерзімді басылымдарда ақпараттандыру жұмыстарын жариялап, БАҚ-қа толық және жан-жақты ақпаратты жеткізуге, оларды жариялауға ықпал етеді.

Медиаорталықтың пәрменді жұмысының арқасында ірі шаралар, студент жастардың флеш-мобы, танымал тұлғалармен болған кездесулер, қызықты ашық сабақтар, көңілді тапқырлар командасының ойындары, жас модельерлердің сән үлгілері және өзге де қызықты оқиғалар телеарналар, газет беттерінде, әлеуметтік желілерде дер кезінде көрініс тауып жатады.

ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҒЫ (ӘСКЕРИ КАФЕДРА)

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің әскери кафедрасы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы №843 бұйрығымен құрылған.

Орталықта Командалық-тактикалық және арнайы мамандықтар циклі, Идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру және арнайы мамандықтар циклі, Арнайы мамандықтар және сержанттар циклі бөлімдері тұрақты жұмыс істейді.

Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша мамандықтар:	Запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша мамандықтар:
1. Құрылық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру. 2. Өртке қарсы күзетті ұйымдастыру. 3. Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру. 4. Киім-кешекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру. 5. Әскери барлау бөлімшелері мен бөлімдерін жауынгерлік қолдану. 6. Көпмақсатты қолданымдағы автомобильдік техниканы жөндеу мен пайдалану. 7. Артиллериялық барлауды ұйымдастыру. 8. Танк бөлімшелерін, бөлімдері мен құрамаларын жауынгерлік қолдану. 9. Құрылық әскерлерінде байланысты ұйымдастыру.	1. Атқыштық (бөлімше командирі). 2. Автомобильдер (автомобиль техникасын пайдалану). 3. Өртке қарсы қорғау және құтқару жұмыстары. 4. Өртке қарсы қызмет. 5. Әскери барлау. 6. Бөлімше командирі-жауынгерлік машинасының командирі (жаяу әскердің жауынгерлік машинасы). 7. Танк командирі (зымырандық–зеңбірекпен қаруланған танк). 8. Аз қуатты қысқа толқынды радиостанциялар.



СТУДЕНТТИК ӨМІР

Студенттік өмір – жеке тұлғаның шығармашылық дамуы мен пайдалы дағдыларды меңгеретін алтын уақыты. Ал студенттік ұйымдар – бұның барлығына қол жеткізудің керемет мүмкіндігі.

Студенттер үшін университетте Өзбекәлі Жәнібеков орталығы, «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығы, Жастармен жұмыс бөлімі, Мәдениет бөлімі, Психологиялық қолдау орталығы, «Тұран» спортклубы жұмыс жасайды.

Университетте 2000 жылдан бастап тұрғылықты жұмыс істейтін Жастармен жұмыс бөлімінің міндеті қоғамдық жастар ұйымы мен бірлестіктерді үйлестіру болып табылады. Жастармен жұмыс бөлімі белсенді, талантты студенттерді танытып, студент жастар үшін түрлі жобалар жасап, пікірсайыс турнирлер, түрлі акциялар ұйымдастырады, студенттердің өзін-өзі басқару жетекшілері арасында семинар-тренингтер, тимбилдингтер ұйымдастырады.

Студенттің жан-жақты дамуы мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыруда университеттің жастар ұйымдарының мәні зор.





СПОРТ КЛУБТАРЫ

Футбол
Баскетбол
Волейбол
Қаратәу
Шахмат
Тоғызқұмалық








ДЕНСАУЛЫҚ – ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің білім алушыларына келісім-шарт бойынша «Алинур и К» клиникасы қызмет көрсетеді. Университеттің 3 оқу ғимараты мен №1-2 студенттер үйлерінде «Мейірім» жастар денсаулығы орталығы орналасқан және 5 медицина қызметкерлері алғашқы дәрігерлік көмек пен дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді.

Жылына 1 рет міндетті дәрігерлік тексерулерден өткізеді. Жүкті студенттер, мүгедектік тобы бар, шетел азаматтары диспансерлік қадағалауға алынады, жұкпалы аурудың алдын алу үшін, жеке бас гигиенасы, тиімді тамақтану, отбасын жоспарлауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға мамандар шақыртылып сұхбаттар жүргізіледі.



МАҢЫЗДЫ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІ

Call center (анықтама алу үшін)	8 (725) 2 40 07 05
Физика-математика факультеті бойынша Уалиханова Баян Сапарбековна	8 (725) 2 39 00 75, 736 (ішкі)
Жаратылыстану факультеті бойынша Жылысбаева Аққоңыр Нүрділләқызы	8 (725) 2 39 05 11, 740 (ішкі)
Тарих және педагогика факультеті бойынша Таутаева Гүлдарига Батыршақызы	8 (725) 2 39 07 36, 737 (ішкі)
Филология факультеті бойынша Масалиева Жанар Амалбаевна	8 (725) 2 39 05 56, 782 (ішкі)
Дене шынықтыру және спорт факультеті бойынша Испандиярова Айгүл Мадиярқызы	8 (725) 2 39 02 19, 751 (ішкі)
Өнер және білім факультеті бойынша Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы	8 (725) 2 39 06 31, 785 (ішкі)

